

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті электрондық тасымалдауыштарда ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2007 жылғы 19 наурыздағы N 27 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 30 сәуірдегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4640 болып енгізілді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 (2011.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға ұсыну тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

қаулыларына қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті электрондық тасымалдауыштарда ұсыну мәселелері бойынша осы қаулының қосымшасына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу  
ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне, зейнетақы жинақтаушы қорларына және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары осы қаулыны алған күннен бастап бес күндік мерзімде оны инвестициялық портфельді басқарушыларға, бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға және бағалы қағаздар нарығында брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге

асыратын ұйымдарға жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.З. Айманбетоваға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы н а р ы ғ ы м е н қ а р ж ы  
ұ й ы м д а р ы н р е т т е у ж ә н е  
қ а д а ғ а л а у а г е н т т і г і н і ң Т ө р а ғ а с ы

2007 жылғы 30 наурыз

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң  
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 9 н а у р ы з д а ғ ы  
N 2 7 қ а у л ы с ы н а  
Қ о с ы м ш а

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
Басқармасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін  
қаулыларының тізбесі**

1 . < \* >

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.05.25 N 49 қаулысымен.

2 . < \* >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.05.25 N 49 қаулысымен.

3 . < \* >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.05.25 N 49 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларының ай сайын қаржылық есеп беру тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 175 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3384 тіркелген) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларының жылдық қаржылық есеп беру тәртібі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы" 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 174 қаулысына және "Жинақтаушы зейнетақы қорларының ай сайын қаржылық есеп

беру тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 175 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 18 ақпандағы N 9 қаулысымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4128 тіркелген) енгізілген толықтыруларымен және өзгерістерімен қоса мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларының ай сайын қаржылық есеп беру тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықта:

6 және 7-тармақтар алынып тасталсын;

8-тармақ мынадай мазмұндағы редакцияда жазылсын:

"8. Зейнетақы қорлары уәкілетті органға қаржылық есепті ұсынылатын деректердің конфиденциалдылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдарымен ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізудің көліктік жүйесін пайдалана отырып электрондық тасымалдауышта ұсынады.";

9-тармақ алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9-1 және 9-2-тармақтармен толықтырылсын:

"9-1. Тоқсан сайын жасалатын қағаздағы қаржылық есепке бірінші басшы немесе оның орнындағы тұлға және бас бухгалтер қол қояды, мөрмен бекітіледі және зейнетақы қорында сақталады. Зейнетақы қоры уәкілетті органның талабы бойынша жазбаша сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей түзетулері жоқ қаржылық есепті қағазда ұсынады.

9-2. Электрондық тасымалдауышта ұсынылған қаржылық есеп қағаздағы қаржылық есепке сәйкес келуі тиіс. Электрондық тасымалдауышта ұсынылатын деректердің қағаздағы деректермен бірдей болуын зейнетақы қорының бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға қамтамасыз етеді.";

10-тармақ алынып тасталсын;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Зейнетақы қоры ұсынған қаржылық есептен уәкілетті орган дәлсіздіктер немесе қателер анықтаса зейнетақы қорына бұл жөнінде хабарлайды. Зейнетақы қоры хабарлама алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей ескертулері ескеріле отырып пысықталған қаржылық есепті электрондық тасымалдауышта ұсынады.";

12-тармақ алынып тасталсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК